

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сақтардың мекендеген жері, сақ қоғамы

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/29203/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Онайбекова Шынар Халыққызы**Сабақтың мақсаты:**

1.Қазақ халқының ата-тегі болған тайпалар мен ұлыстар туралы айта отырып, Орта Азияны мекендеген сақ тайпаларының шығу тегі, және олардың мекендеген жерлері туралы толық түсінік беру.

2.Оқушылардың белсенділігін арттырып, білімдерін жетілдіру

3.Оқушыларды Отансүйгіштік рухта тәрбиелей отырып, мәдениетті, иманды азамат қалыптастыру

Сабақтың түрі: Аралас**Әдісі:** интерактивті**Көрнекілік:** карта, тірек сызба, домбыра, суреттер, нақыл сөздер.**Сабақтың жоспары** I. Ұйымдастыру кезеңі

II Үй тапсырмасын тексеру

III Жаңа сабақ

IV Жаңа сабақты бекіту

V Қорытындылау,бағалау

VI Үйге тапсырма.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу, әнұран орындау.
2. Оқу құралын тексеріп түгелдеу

Өткен тоқсанға шолу:

1. Қазақстан тарихы 4-ке бөлінеді
2. Соның ішінді ежелгі Қазақстан да 4-ке бөлінеді
3. тас дәуірі
4. мыс дәуірі
5. қола дәуірі
6. темір дәуірі
7. Адамзат баласының металдан жасалған құралды игере бастауы қай дәуірден басталады-*энеолит-мыстытас*
8. Темір дәуірі деп аталу себебі-*еңбек құралдары темірден жасалды*
9. Темір дәуірінің ерекшеліктері

а) шаруашылық құралдардың темірден жасалынуы

б) ірі тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі

в) көшпелі мал шаруашылығы мен жыртпалы егіншіліктің шығуы

г) алғашқы мемлекеттердің қалыптаса бастауы

Жаңа сабақ: «Өзіңнің ұлтыңды танып алмасаң, сен басқа ұлттың кім екенін еш уақытта біле алмайсың»-деп М.Арын ағамыз айтқандай Қазақ халқының ата-тегі болған сақ тайпасының тарихын, мекендеген орнын, қоғамдық құрылысын, шаруашылығын, тұрмысын, мәдениетін,білу мақсатында өтетін ашық сабақ тақырыбы: **Сақтар.**

Тақырып бес бөлікке бөлінген.

1. Сақтардың тарихы, мекендеген орны.
2. Тұрмысы , шаруашылығы.
3. Қоғамдық құрылысы.
4. Сақтардың тәуелсіздік жолындағы күресі
5. Мәдениеті мен өнері.

Жаңа сабақтың жоспары:

1. Сақ тайпаларының шығу тарихы.
2. Сақтардың тайпалық құрамы мен орналасуы.

Қазақ халқының ата-тегі болған тайпалар мен ұлыстардың ежелгі заман деректерінде

аты әйгілі болғандары; сақ, үйсін, қаңлы, сармат, ғұн тайпалары

Қазақ тарихын зерттеген ғалымдар қазақ халқының арғы тегі ерте заманда Орта Азияны мекен еткен ежелгі сақ тайпаларынан шыққан дейді.

Сақтардың тайпалық құрамы мен орналасуы: Археологтардың пікірінше сақ тайпалары мен тайпа одақтары мынадай негізгі топтарға бөлінеді:

№	Сақ тайпаларының аты	мекендері
1	Парадарайа (теңіздің арғы жағындағы сақтар)	Қара теңіздің солтүстігі, Арал теңізінің маңында Сырдария мен Амударияның төменгі ағысы
2	Тиграхауда (шошақ бөрік киіп жүретін сақтар)	Сырдарияның орта ағысы, Тянь-Шаньда, Жетісуда
3	Хаумаварга (хаома сусынын дайындайтын сақтар)	Мургаб аңғарында (Түркіменстан)

Картамен жұмыс жасау: Шошақ бөрікті сақтарға ерекше тоқталу

-Алтын адам, Томирис, Шырақ туралы қысқаша әңгіме қозғау

Суреттерді сөйлету

Оқушыларға концептуалдық кесте тарату «мекендерін тап»

Сабақты бекіту: «ККК» және Бетпе-бет әдісімен бекітемін

I-Бетпе-беттің сұрақтары

1-оқушы

Оқушыны таныстырамын

Бүгін қазақ халқының арғы тегі болған Қазақстанды мекендеген тұңғыш тайпалық одақ сақтар туралы ашық сабақ өтілді. Сіз бұл сабақтан қандай мағлұмат алдыңыз?

Сақтар қандай тайпа екен?

Оларға тән ерекшелік

Олардың Қазақстанда өмір сүрген уақыты.

2-оқушыға

Сақтар туралы қандай деректерден алынды?

Сақ көсемдері туралы тарихшылар не айтады?

Ирандықтар сақтарды қалай атаған?

Алтын адам туралы не білесіз?

3-оқушы

Сақтарды гректер қалай атаған?

Томирис туралы не білесіз?

«Авеста» қандай кітап?

Сақтар қандай өркениетті елдермен байланыс жасаған?

Шошақ бөрікті сақтар Қазақстанның қай жерлерін мекендеген?

II-ККК әдісі бойынша оқушыларды бөлеміз.

Суретшілер

Математиктер

Тарихшылар

Географтар

Археологтар *Сарапшы 1 оқушы*

Осы маман иелері бүгінгі тақырыпты өз мамандығы бойынша баяндап береді

Сарапшы сараптама жасайды.

Сабақты қорыту:

Ежелгі грек тарихшылары «сақтар батыр, жауынгер, «дұшпанына қатал-досына адал» болған. Олар қастасқан жауын аямаған. Батыр жауынгерлерді құрмет еткен» деген сөзбен қорытамын.

Алдағы сабақтарда-тұрмысы, шаруашылығы, қоғамдық құрылысы, мәдениеті, өнері туралы мағлұмат аламыз.

Оқушыларды бағалау:

Үйге тапсырма:

№12 картамен жұмыс. Сақ патшасы Томирис туралы қосымша мағлұмат дайындау.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.